

«БЕКІТЕМІН»

Жамбыл облысы әкімдігінің
мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының
басшысы

_____ Д. Бықыбаев
« ____ » _____ 2019 ж.

«КЕЛІСЕМІН»

К.Әзірбаев атындағы
Жамбыл облыстық
филармониясының
директоры

_____ С.Түктібаев
« ____ » _____ 2019 ж.

КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ АТЫНДАҒЫ ІХ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ШЫРҚА, ДАУСЫМ!» ДӘСТҮРЛІ ӘНШІЛЕР КОНКУРСЫНЫҢ Е Р Е Ж Е С І

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы 2019 жылдың 26-шы сәуірінде Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, аса көрнекті халық композиторы, ақын Кенен Әзірбаев атындағы ІХ Республикалық «Шырқа, даусым!» дәстүрлі әншілер конкурсын Тараз қаласында өткізеді.

2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларының ілгерілету, К.Әзірбаевтың 135 жылдығы аясында шығармашылығын кеңінен насихаттап, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізу, дарынды жастардың орындаушылық шеберлігінің шыңдалуына, көпшілікке танылуына мүмкіндік жасау, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

3. КОНКУРСТЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

- ✓ Конкурса қатысушы үміткер алдын-ала іріктеу кезеңіне ережеде көрсетілген І кезеңде орындайтын әндерін орындап, mp3 нұсқасын ұйымдастырушылардың электронды поштасына жібереді, іріктеуден өткен үміткер конкурса қатысуға шақырту алады;
- ✓ Конкурстың ІІ кезеңі көрермен алдында өтеді. Конкурса қатысушылар әр кезеңде үш шығарманы жатқа орындайды;
- ✓ Конкурс лауреаттары қорытынды Гала концертте өнер көрсетеді;
- ✓ Үміткер әндерді міндетті түрде жанды дауыспен, домбыра, қылқобыз немесе басқа ұлттық музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындайды;
- ✓ Конкурса жасы 16-35-ке дейінгі жастар қатыса алады. Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан 2 үміткерден, ад Қазақстанның басқа облыстарынан 2 үміткерден өтініш беруге мүмкіндік бар;
- ✓ Бұрын өткен К.Әзірбаев атындағы Республикалық «Шырқа, даусым!» дәстүрлі әншілер конкурсының лауреаттары конкурса қатыстырылмайды;

- ✓ Үміткерлердің ұсынған әндері қайталатын болса, ұйымдастырушылар тарапынан өзгерту енгізу қажеттілігі хабарланады.

I кезең:

1. К.Әзірбаевтың бір әні (өз қалауы бойынша);
2. Міндетті түрде орындау («Шырқа, даусым!»)
3. К.Әзірбаевтың тізімде көрсетілген бір әні (тізім тіркеледі, қосымша №1)

II кезең:

1. Халық әні немесе халық композиторларының әні;
2. Жеребе бойынша осы 5 әннің біреуін орындайды /«Бозторғай», «Бұлбұлға», «Жас екпін», «Алатау алабында», «Көкшолақ»/;
3. Үміткер өз қалауы бойынша конкурста орындалмаған К.Әзірбаевтың бір әнін орындайды.

4. ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Алдын-ала іріктеу кезеңне үміткердің бейнежазбалары 2019 жылғы 1-сәуірге дейін filarmuniyataraz@mail.ru электронды поштаға жіберіледі. Іріктеу кезеңінен өтті деп хабарлама алған үміткерлер төменде көрсетілген құжаттарын қосымшада (қосымша №2) берілген нұсқа бойынша 2019 жылғы 5-сәуірге дейін көрсетілген электронды пошта арқылы қабылданады:

- ✓ Арнайы бекітілген үлгідегі өтініш (қосымша бет);
- ✓ Туу туралы куәлік немесе жеке куәлік көшірмесі;
- ✓ Шығармашылық өмірбаян (электронды түрде), ұстазының аты – жөні;
- ✓ 9x13 көлемдегі түрлі-түсті фотосурет (JPEG форматында)
- ✓ Әр кезеңде орындалатын шығармалар тізімі;

5. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

1. Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы конкурсты өткізу бойынша ұйымдастыру комитетінің құрамын бекітеді;
2. Ұйымдастыру комитеті мемлекеттік органдар мен конкурсты өткізуге қатысушы мәдениет ұйымдары өкілдерінен құралады;
3. Ұйымдастыру комитеті конкурсты дайындау және өткізу бойынша басшылық жасайды, жүлделі орындардың саны мен ақшалай сыйақының мөлшерін анықтайды;
4. Ұйымдастыру комитеті іс-шараның ақпараттық-жарнамалық қолдау түрлерін айқындайды;
5. Ұйымдастыру комитеті Конкурсты дайындау және өткізу барысында туындайтын өзге де мәселелерді шешеді;
6. Ұйымдастыру комитеті конкурста орындалған шығармаларды қатысушыларға қосымша ақы төлемей-ақ, тікелей радио мен теледидардан көрсету, жазып алу және одан әрі тарату құқығына ие;
7. К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясы конкурстың барлық кезеңінде тамақ және жатын орынмен қамтамасыз етеді. Қатысушының бару-қайту жол шығындарын жіберуші жақ көтереді.

6. КОНКУРСТЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

Конкурстың қорытындысын шығару үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері, мәдениет және өнер қайраткерлері кіреді. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды, хаттамамен рәсімделеді және барлық мүшелері қол қояды. Дауыстар тең бөлінген жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасы Ұйымдастыру комитетімен белгіленген жүлделі орындарды бермеуге немесе үміткерлер арасында бөлуге құқылы. Қазылар алқасы шешімінің әділ болуын қадағалайтын тәуелсіз сарапшы енгізілетін болады.

7. ҚАТЫСУШЫНЫ БАҒАЛАУДЫҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- ✓ орындаушылық шеберлігіне;
- ✓ дауыс мәнері мен кеңдігіне (диапазонына);
- ✓ сахна мәдениеті мен киім үлгісіне;
- ✓ ән мәтінінің дұрыстығына;
- ✓ әннің орындалу үлгісіне назар аударады.

8. ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ

- Конкурс жеңімпаздарына төмендегідей жүлделер тағайындалады:
 - ✓ Бас жүлде – 700 000 теңге x 1
 - ✓ I орын – 500 000 теңге x 1
 - ✓ II орын – 400 000 теңге x 2
 - ✓ III орын – 300 000 теңге x 2
 - ✓ Дипломат – 100 000 теңге x 6

Конкурсты қаржыландыру

Конкурсты қаржыландыру жергілікті облыстық қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Қорытынды ереже

Осы ережеде көрсетілмеген және туындаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Өтініштер электрондық поштамен немесе төмендегі мекен-жайға жолданады:

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Төле би көшесі 89 үй («Баласағұн» ОКЗ). Кенен Әзірбаев атындағы
Жамбыл облыстық филармониясы.

Байланыс телефондары:

Тел.: 8(72-62) 34-28-61

Маржан Есенқұлова – менеджер – 8-776-668-60-06

E-mail: filarmoniyataraz@mail.ru

Facebook, Instagram: [filarmoniyataraz](#)

Ресми ақпараттық сайт: zhofil.kz

**Конкурстың І -кезеңінде орындалатын
К.Әзірбаевтың әндерінің тізімі:**

- ✓ «Тік шырқау»
- ✓ «Мөртай сұлуға»
- ✓ «Көпшілік, тыңда әнімді»
- ✓ «Қайран елім, қайда?»
- ✓ «Әнім қалсын»
- ✓ «Еңбекші елім»
- ✓ «Бал құйылды даладан»
- ✓ «Жаңа заң»
- ✓ «Жетпіс бес»
- ✓ «Сүйген жарға немесе Насиқаға»
- ✓ «Күләшқа»
- ✓ «Мен сүйемін халқымды»
- ✓ «Сынаптай сырғақ дүние-ай»
- ✓ «Біздің Отан жеңеді»
- ✓ «Сүйгенім-ай, күйгенім-ай»
- ✓ «Шынарым, сыңарым»
- ✓ «Ел қуанышы»
- ✓ «Жеңіс жылғы шаттық ән»
- ✓ «Келінжан»
- ✓ «Қайран жастық»
- ✓ «Жаса Қазақстаным»

IX Республикалық
«Шырқа, даусым!» атты
дәстүрлі әншілер конкурсын
өткізудің ережесіне
қосымша № 2

**КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ АТЫНДАҒЫ
IX РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ШЫРҚА, ДАУСЫМ!»
ДӘСТҮРЛІ ӘНШІЛЕР КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІШ**

Қатысушының аты-жөні	
Туған жері, жылы, қазіргі мекен-жайы	
Білімі	
Жұмыс немесе (оқу) орны	
Ұялы телефоны (міндетті түрде көрсету)	
Шығармашылық өмірбаян (электронды түрде), ұстазының аты – жөні	
E-mail	
Әр кезеңде орындалатын шығармалар тізімі	
9x13 көлемдегі түрлі-түсті фотосурет (JPEG форматында)	
Туу туралы куәлік немесе жеке куәлік көшірмесі	
СД жинақ шығару үшін үміткердің +дауысы басылған mp3 нұсқалары	

**КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ІХ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ШЫРҚА, ДАУСЫМ!»
ДӘСТҮРЛІ ӘНШІЛЕР КОНКУРСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ТОБЫ**

№	Ауданы	Аты-жөні	Қызметі	Байланысу телефоны
1	Тараз қаласы	Әріпбай Мұсапанов	Көркемдік жетекші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-775-000-99-53
2	Байзақ ауданы	Әділет Әбдікерімов	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-705-624-76-99
3	Жамбыл ауданы	Жақсылық Қалтешов	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-775-881-87-28
4	Жуалы ауданы	Ноян Сейділдаев	«Тараз» триосының әншісі, Халықаралық конкурстардың лауреаты	8-775-722-27-61
5	Сарысу ауданы	Ерлан Ибәділдаев	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-707-632-87-37
6	Талас ауданы	Бақыт Шағырбаев	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-701-412-88-13
7	Т.Рысқұлов ауданы	Ержан Ыдырысов	«Тараз» триосының әншісі, «Ерен еңбегі» медалінің иегері	8-775-606-07-62
8	Меркі ауданы	Оңал Азаматова	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-705-846-25-52
9	Шу ауданы	Сұлжан Әбенова	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-701-750-62-00
10	Мойынқұм ауданы	Асылхан Шүңіреков	«Тараз» триосының әншісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері	8-775-606-07-61
11	Қордай ауданы	Дүйсенбек Өмірәлиев	Әнші, ҚР Мәдениет қайраткері	8-701-335-54-76

2019 жылдың 26-шы сәуірінде Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, аса көрнекті халық композиторы, ақын Кенен Әзірбаев атындағы ІХ Республикалық «Шырқа, даусым!» дәстүрлі әншілер конкурсын Тараз қаласында «Баласағұн» ОКЗ-да өткізеді.

Аудандық іріктеу **28-наурызда** аудандық мәдениет үйлерінде сағ 14.00-де, облыстық іріктеу **1-сәуірде** «Баласағұн» ОКЗ-да сағ 14.00-де, Республикалық конкурс **26-сәуірде** «Баласағұн» ОКЗ-да сағ 10.00-де өтеді.

К.Әзірбаевтың әндерінің тізімі

№	Шығарманың аталуы	Орындаушы
1.	Туған жер	К.Әзірбаев
2.	Ел қуанышы	К.Әзірбаев
3.	Колхоз әні	К.Әзірбаев
4.	Аттаныңдар!	К.Әзірбаев
5.	Жетпіс бес	К.Әзірбаев
6.	Сексенге	К.Әзірбаев
7.	Балалар	Т.Кененқызы
8.	Қордай	Т.Кененқызы
9.	Балдай бол	Т.Кененқызы
10.	Жаңа заң	Т.Кененқызы
11.	Жеңіс жылғы шаттық ән	Т.Кененқызы
12.	Сүйгенім-ай, күйгенім-ай	Т.Кененқызы
13.	Жалғыз қайным	Т.Кененқызы
14.	Бес қуаныш	Т.Кененқызы
15.	Батыр Москва	Т.Кененқызы
16.	Жайсаң	Т.Кененқызы
17.	Төрткенге	Т.Кененқызы
18.	Кейбіреу (терме)	Т.Кененқызы
19.	Тоғыз келін	Т.Кененқызы
20.	Нұрлы жаз	Б.Кененұлы
21.	Шолпанқұлға	Б.Кененұлы
22.	Қайран, жастық	Е.Стамғазиев
23.	Әнім қалсын	А.Құмарова
24.	Қызыл қайнар	С.Әбусейітов
25.	Мен сүйемін халқымды	Е.Шалдыбеков
26.	Еңбекші елім	А.Құмарова
27.	Бұлбұлға	Қ.Қожағазина
28.	Бал құйылды даладан	Г.Нұрасылова
29.	Мөрттайға	А.Қожақов
30.	Гигигай	Т.Құрманғалиев
31.	Үрия-ай, дүние-ай	Т.Құрманғалиев
32.	Жайнады тыңым жайнады	Н.Нүсіпжанов
33.	Сынаптай сырғақ дүние	К.Төленбаева
34.	Сүйген жар	Т.Құрманғалиев
35.	Күләшқа	Л. Сүлеева
36.	Тік шырқау	К.Кенжебаев
37.	Шырқа дауысым	М.Токтағанова
38.	Қалады-ау	Қ.Әдікеев
39.	Базар - Назар	Е.Сәтбаев
40.	Қайран, ел қайда?	А.Балажанова
41.	Ри, қойым	Д.Ысқақов
42.	Біздің Отан жеңеді	Ш.Даржанова
43.	Алатау алабында	Д.Өмірәлиев
44.	Көпшілік, тыңда әнімді	Б.Мұсаев
45.	Ой-жайлау	О.Азаматова
46.	Домбыра	О.Азаматова
47.	Жаса Қазақстаным	Р.Стамғазиев
48.	Көкшолақ	«Тараз» триосы
49.	Жамбыл туралы сарын	«Тараз» триосы
50.	Келінжан	А.Иманбаева
51.	Бозторғай	С.Медеуов
52.	Бастау	Б.Сәкенұлы